

А.М. Жумагулова¹ , Б.Ж. Каримова*² ,
А.А. Қасымова¹ , Г.А. Тусупбекова¹ 

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.,
²Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
*e-mail: sultan-3@mail.ru

ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИЯ: ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІК

Заманауи қарым-қатынастың басым бөлігі интернет арқылы ақпарат алмасу негізінде жасалып отырғандығы мәлім. Әлеуметтік желілер, блогтар, чаттар қазіргі кезде жанды қарым-қатынасты алмастыра алады, сонымен қатар интернет бүгінгі заманның адамын өзіне тәуелді етуде. Ұсынылып отырған мақаланың зерттеу тақырыбы да студент жастар өміріндегі әлеуметтік желінің алатын орны мен олардың интернетке деген құмарлығының түпкі себептерін анықтауға арналады. Мәселенің өзектілігі қазіргі жаһандық ІТ интеграцияда адамзат арасындағы қарым-қатынасты интернет-коммуникацияның алмастыру және оның қоғамдағы жастарға әсерін қарастырумен анықталады.

Қазіргі қоғамда әлеуметтік желі қолданушы жастардың саны егде адамдарға қарағанда анағұрлым көп десек артық емес. Бірақ олардың аудиториясы мен қолдану мақсаты түрліше, дегенмен, барлығы ақпарат алаңы болып табылады. Тіптен, ақпарат көзі табыс табу тәсіліне айналып, адамдардың сұранысына қарай қызмет ете бастады.

Зерттеу мақаланың мақсаты – қазіргі қоғамдағы студент-жастар өміріне әлеуметтік желілердің әсері мен оған тәуелділіктің себептерін анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылды, олар: әлеуметтік желінің даму қарқындылығы мен қолданысын қарастыру, қазіргі адамдар үшін маңыздылығын атап көрсету, жастардың әлеуметтік желіге деген тәуелділіктерін анықтау.

Мақаланың әдістемелік негізін әлеуметтік желілердің қалыптасуы мен дамуын бағалауға байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін пайдалану мен ғылыми тұжырымдамалар жасауда қолдану тәсілдері құрайды. Зерттеу барысында жүргізілген әлеуметтік сауалнама әлеуметтік желіні пайдалану мен виртуалды коммуникация мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар алынған нәтижелер студенттерге, оқытушыларға, қазіргі жастардың қарым-қатынас психологиясы мен әлеуметтану мәселелерімен айналысатын мамандарға септігін тигізері сөзсіз.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, әлеуметтік желі, студент, жастар, интернет, тәуелділік, коммуникация.

A.M. Zhumagulova¹, B.Zh. Karimova*², A.A. Kassymova¹, G.A. Tussupbekova¹

¹Shakarim University, Kazakhstan, Semey

²Ilyas Zhansugurov Zhetysu University, Kazakhstan, Talдықorgan

*e-mail: sultan-3@mail.ru

Internet-communication: dependence on social networks

Most of modern communications is based on the exchange of information via the Internet. Social networks, blogs, chats can now replace live communication. The Internet makes modern people dependent on themselves. The research topic of the article is devoted to the problem of the use of social networks and Internet addiction in the life of students. The topic is relevant from the point of view that it is impossible to imagine modern communication without social networks.

Today, the number of social media users is increasing every day. The source of information turned into a source of income and began to serve for the convenience of people.

The purpose of the research article is to determine the impact of social networks on the lives of students and young people in modern society and the reasons for their dependence on it. To achieve this goal, several tasks were set: to consider the intensity of the development and use of social networks, to emphasize their importance for modern people, to determine the dependence of young people on social networks.

The methodological basis of the article is the works of domestic and foreign scientists related to the assessment of the formation and development of social networks. The social survey conducted in the

course of the study allows us to identify the problems of using social networks and virtual communication. The results obtained in the course of the study will be useful for students, teachers, specialists dealing with the problems of psychology and sociology of communication of modern youth.

Keywords: social network, student, youth, Internet, addiction, communication.

А.М. Жумагулова¹, Б.Ж. Каримова^{2*}, А.А. Қасымова¹, Г.А. Тусупбекова¹

¹Университет имени Шакарима, Казахстан, г. Семей,

²Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган

*e-mail: sultan-3@mail.ru

Интернет-коммуникация: зависимость от социальных сетей

Значительная часть современного общения строится на обмене информацией через Интернет. Социальные сети, блоги, чаты сегодня могут заменить живое общение. Однако современные технологии способны нести угрозу интернет-аддикции. Феномену влияния соцсетей и зависимости молодых людей от интернет-коммуникаций посвящено данное исследование.

Количество пользователей социальных сетей увеличивается с каждым днем, аудитория и цели стейкхолдеров разные, интернет превратился в удобную сферу работы и досуга, источник дохода. Цель исследования – определить степень влияния социальных сетей на жизнь студентов и молодых казахстанцев, выявить причины, качественные характеристики и формы зависимости от социальных сетей. Авторы реализовали следующие задачи: выявили интенсивность развития и использования социальных сетей; определили значимость интернета в современном обществе, выявили причины зависимости молодежи от социальных сетей.

Методологической основой стали труды и научные статьи отечественных и зарубежных ученых, направленные на исследования становления и развития социальных сетей. Проведенный в ходе исследования социальный опрос позволяет определить проблемы использования социальных сетей и виртуального общения. Результаты, полученные в ходе исследования, будут интересны и полезны студентам, преподавателям, специалистам, занимающимся проблемами психологии и социологии общения современной молодежи.

Ключевые слова: общение, социальная сеть, студент, молодежь, интернет, зависимость, коммуникация.

Кіріспе

Қоғамдағы адамзат дамуы сан алуан даму мен өркениеттерді басынан өткерді. Алайда барлық уақыттарда да қарым-қатынас тілдесу арқылы жүзеге асырылғаны мәлім. Бірақ адамдар арасындағы қарым-қатынас ешқашан ХХІ ғасырдағыдай ғаламдық болған емес, бұл ақпараттық технологиялар дәуірімен байланысты. Бүкіл әлемдік тордың пайда болысымен санаулы секундтар арасында түрлі бағыттар бойынша орасан зор көлемде ақпарат алу мүмкін болды. «Ақпараттық қоғам» түсінігі алғаш рет 1960-жылдардың екінші жартысында пайда болды. Бұл термин турасында ғылыми, техникалық және экономикалық зерттеулер жөніндегі топтың жасаған баяндамасында тұжырымдалған (Нұржанова, Мұқанова, 2013). Ақпараттық қоғам – өркениетті жағдайда дүниежүзілік қоғамдық құрылыста басқарылатын, ғалымдық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және технологиялық жоба ретінде танылды. Ақпараттық қоғамның жобалық, болжамдық және алдын-ала жасалған жоспарлық

сипаты ақпараттық қоғамға өтудің ұлттық бағдарламалары мен тұжырымдарын және қызметтің әртүрлі салаларының бәрінен бұрын экономика, ғылым, білім беру, басқару, саясат салаларының ақпараттандырылуы бағдарламаларын қалыптастырудан көрінеді. Ақпараттық қоғам бірте-бірте дамып, жетілу барысында пайда болады. Сонымен жаңа компьютерлік және ақпараттық технологиялармен байланысты адамзат дамуының мейлінше ықтимал және нақты нұсқаларының бірі «ақпараттық қоғам» терминінің аясына жинақталды.

Ақпарат – түсіндіру, мазмұндау ұғымы күнделікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым. Жалпы алғанда бұл ұғым шектеу, байланыс, бақылау, форма, инструкция, білім, мағына, құрылым, бейнелеу, сезіну т.б. тығыз байланысты. Ақпараттық қоғам, ақпараттық технологиялар, тіпті информатика ғылымы назарға көп түсуде, ал «ақпарат» сөзінің білдіре бастаған мағыналары пайдаланылуда.

Осындай адам мен ақпарат арасындағы байланыстың сан қырлы сипаты жаңа ұғымдарды, ғылыми терминдерді дүниеге әкелуде. Мәселен,

медиапсихология, медиаәдениет, медиабілім, медиаиммунитет т.б. терминдерді атауға болады. Бұлар ақпараттың адам өміріндегі маңызын дәлелдейді. Медиаақпараттың мазмұны адамның санасына тікелей әсер етеді, оның іс-әрекетін, талғамы мен дағдысын, айналасындағы құбылыстарға беретін бағасын бағыттай алады.

Қазіргі таңдағы медиа саласының қарқынды ілгері басуы бұқаралық ақпарат құралдарының күн санап, сағат санап адамдардың өмірінде маңызды орынға ие екенін аңғартады. Жалпы алғанда «медиа» (лат.«media» – «құрал») термині – бұқаралық ақпарат пен коммуникация құралдары түсінігінің синонимі ретінде қолданылады.

«Медиа» терминін ақпаратты құру, жазу, көшіру, тираждау, сақтау, тарату, қабылдау және хабарлама авторы мен бұқаралық аудитория арасында онымен айырбас жасау үшін пайдаланылатын техникалық құрылғы деп түсіну қабылданған. Медиа адамның қоршаған ортаны оның: әлеуметтік, моральдық, психологиялық, көркемдік, зияткерлік қырынан игерудің кешенді құралы ретінде қаралады.

Медианың ықпал ету ауқымдары күн өткен сайын артып отыр. Қазіргі әлем мемлекеттеріндегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыру және инновациялық технологиялар, әртүрлі бұқаралық коммуникация құралдарын пайдаланудың қолданысы жоғары деңгейде көрінеді. Әртүрлі кеңістіктер мен уақыттар арасында медиа құрайтын байланыстар, коммуникацияның байланысы медиакеңістікті құрайды. Бүгінде ғаламдық медиа-кеңістік ғылыми зерттеулердің тақырыбына айнала бастады.

Интернет желісінің пайда болуымен интернет-коммуникация мен ақпараттық жүйе қалыптасты. Нәтижесінде жаңа бұқаралық ақпарат құралының түрі интернет-БАҚ саласы ғылыми айналымға енді. Аталған сала қажырлы ғылыми ізденісті талап етеді. Сондықтан оның дәстүрлі БАҚ-тан айырмашылығы анық көрініп тұрады. Ол ақпаратты тарату оперативтілігі мен интерактивтілігі арқылы айқындалады. Интернеттің журналистикада ұшқырлық, кең де шексіз, шекараны қамтитын аудитория, онымен кері байланыс орната алу мүмкіндіктерін айрықша атауға болады. Әрине, бұған дейін БАҚ ақпаратты бір бағытта аудиторияға қарай таратып келсе, компьютерлік ашық желі кері де – екібағыттық қарым-қатынасқа жол ашып отыр. Сондай-ақ ақпаратты өз қалауыңша іріктеп алатын да мүмкіндік туды.

Интернет нақты үш ұғым, құрамдас бөліктен тұрады: гипертекстілі – компьютердің түр-түсі, көлемі, басқару жүйесінің сан алуандығына қарамастан, мәтіннің бірдей көрінуін қамтамасыз етсе, адресстілік – орасан тасқыннан қажеттісін тауып алуға көмектеседі, ал тасымал протоколы компьютерлер арасындағы алмасуды реттеп отырады» (Қазақ журналистикасы, 2008:36) Интернет жүйесі дәстүрлі ақпарат құралдарына жедел хабар таратып, аудиторияның сұранысын қанағаттандырып қана қоймай, жаңа орта «желілік медианы» ортаға әкелді.

Ақпараттық тасқын күн сайын еселене өсіп, күрделене түсуде. Қазір дүние жүзінде бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты «ақпараттың еркін ағыны» деген теория дәуірлеп тұр. Соған орай ақпаратпен қамтамасыз етудің құрылымы да, сапасы мен пәрменділігі де өзгерістерге ұшырауда. Бүгінде әсіресе әлеуметтік желілердің ықпалын ескеруге тиіспіз. Қазір қоғам ортасында әлеуметтік желілердің белсенділігі ресми БАҚ-тан кем соғып тұрмағандығы жасырын емес.

Аса қарқынды жылдамдықпен қадам басып келе жатқан ғылыми-техникалық үдеріс компьютерлер мен түрлі гаджеттердің тез таралуына да жағдай жасап отыр. Барлық саланы Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету арқылы өмірімізге жаңа леп әкелумен бірге, бірқатар пайдасыз дүниелер де әкелуде. Интернет пен компьютердің көмегі арқылы өндіріс пен қоғамның барлық салалары ІТ бағдарламалардың көмегімен дамудың жаңа сатысына өтті. Қазіргі таңда онлайн хат алмасу, банк саласындағы онлайн төлемдер, онлайн ақша алмасу мысалдары болашақта адам компьютер немесе интернет желісі жоқ жерде өмір сүруі қиындай түседі деген ықтимал жоқ емес. Қазірдің өзінде сан салалы ұйым, компания, фирмалар қызметтерін тек компьютерлік желі арқылы ғана атқарып отыр. Интернет желісі күн санап, дамып, жетіліп, өз тұтынушысына әр түрлі жаңа мүмкіндіктер тудырауда. Бұл интернет желісінің болашақтағы мүмкіндіктер потенциалын байқатады. Нақтырақ айтқанда, еліміздегі кез келген мекеме интернетке өз сайттарын орналастырып қана қоймай, кері байланыс орнатуды жолға қойған. Ол байланыс әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады. Осы әлеуметтік желелер арқылы өз кәсіптерін насихаттау, жағымды жақтарын көрсете отырып жарнамалауда онды тұстары көп. Компьютер, интернет желісі адам баласына бір жағынан көмекші, бір жағынан адам баласының ІТ кеңістігіне зор қауіп төндіретін

«ақпараттық қоқыс» тасымалдаушы дұшпан болуы әбден мүмкін. Мұның айқын көрінісі – жастар арасындағы интернет-тәуелділіктің кең таралуы. Бұл – кешенді зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі.

Материал және әдістер

Бүгінгі қоғам – өндірістік, ғылыми-техникалық, басқа да ілгерлеушіліктердің қуатты әлеуеті бар қоғам. Бұл қоғам – білім мен ақпараттың үлкен қызмет атқаратын ақпараттық қоғамы. Ол – ақпараттық технологиялардың маңыздылығының артуы, цифрлық нарықтар, әлеуметтік желілердің дамуы, интернеттің таралуы. Интернет – бүкіл әлемді және адам өмірінің барлық саласын қамтып отыр. Қазіргі интернеттің орталығы – әлеуметтік желілер. Әлеуметтік желі – белгілі бір адам топтарының бас қосатын, ортақ мәселеде тілдік қарым-қатынас жасайтын ортасы. Адамдар әлеуметтік желі қызығушылығы ортақ өзге адамдарды оңай табады. Бұл тілдік ортаның қалыптасуына әкеледі. Әлеуметтік желідегі тілдік орта – этностық, туыстық, әлеуметтік және территориялды, мәдени-коммуникативтік, кәсіби шеңберде құрылған тілдің қолданыс аясы.

Зерттеулерде интернет пен әлеуметтік желіні құрастырушы шетелдік азаматтар болғандықтан, ағылшын тілді қолданыстар басқа тілдердің лексикалық қабатына жиі қолданысқа еніп отырғандығын, интернет коммуникацияның қарқынды дами бастауына орай қазақ тіліндегі комментарий мәтіндері қалыптаса бастағандығын, жаңа кезең, жаңа заман жаңалықтары, технологияның дамуы арқылы пайда болатын өзгерістердің барлығын қазіргі кезде әртүрлі әлеуметтік желілерден көріп қана қоймай, өз орталарында ақпарат алмасу, таратуды желі арқылы орындап отыратындығы атап көрсетеді (Маликқызы, 2023).

Әлеуметтік желілердің қызметі коммуникация болса, ол адам өмірі үшін маңызды орын алатыны белгілі. «Әлеуметтік желі» терминінің өзі интернеттің пайда болуынан бұрын пайда болса керек. 1954 жылы әлеуметтік желілер түсінігін америкалық әлеуметтанушы Джеймс Барнс енгізді. Ол жеке адамның басқа адамдармен қарым-қатынасы деп қарапайым түсіндірді (Матусевич, 2016). Адамдар арасындағы қарым-қатынас жүйесі ретіндегі желі ұғымы тез тарады. Ал ХХ ғасырдың 2-жартысынан ол кез-келген қарым-қатынасқа (серіктестік желілері, танысу

желілері т.б.) сілтеме жасау үшін белсенді түрде қолданыла бастады.

АҚШ-та әлеуметтік желілердің дамуы мен қалыптасуы ХХ ғасырдың аяғымен байланысты қарастырылады. Ал посткеңестік кеңістікте әлеуметтік желілер 2006 жылы пайда бола бастады. Алғашқы әрі ірі әлеуметтік желілер «Одноклассники» мен «Вконтакте» болды. «Одноклассники» жобасын 2006 жылы 4 наурызда Альберт Попков қолданысқа енгізген. Әлеуметтік желінің негізгі міндеті – Кеңес Одағы ыдырап, халықтың жаппай көші-қонынан кейін байланысы үзілген сыныптастарын, курстастарын, бұрынғы түлектерін т.б. іздеу болды. ТМД-да ең танымал әлеуметтік желі «Вконтакте» 2006 жылы 10 қазанда іске қосылды (Матусевич, 2016). Ал бүгінде инстаграм мен facebook сияқты Tik Tok 2018 жылы қолданысқа еніп, виртуалды әлемді шарлады. Әлеуметтік желінің ең жиі қолданыстағы түрелері Инстаграмм мен YouTube пайдаланушыларының саны да артып отыр.

Инстаграмм – бұл фотосуреттер мен бейнелерді әлеуметтік желі элементтерімен бөлісуге, фотосуреттер мен бейнелер түсіруге, оларға (филтрларды) сүзгілерді қолдануға, сондай-ақ олардың қызметі мен басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндік беретін қосымша. Бастапқыда онда тек шаршы пішінді суретке түсіру мүмкіндігі ғана болды. Кейіннен көлденең бағыттағы фотосуреттер мен бейнелерді шаршы пішінге дейін кесуге болатындай мүмкіндік пайда болды.

YouTube – бұл пайдаланушыларға бейнелерді сақтау, жеткізу және көрсету қызметтерін ұсынатын бейне хостинг. Пайдаланушыларға қосу таңдаулы бөлісу, сол немесе өзге де бейнелерді медиа жазбаларды алуға, қарауға, бағалауға, пікір жазуға болады. Сайтта фильмдер, музыкалық клиптер, трейлерлер, жаңалықтар, білім беру бағдарламалары, сондай-ақ әуесқой бейнелер, соның ішінде видеоблогтар, шоулар, эзілоспақ бейнелер және басқалары бар. YouTube әлеуметтік желі емес, бірақ ол жоғарыда сипатталған әлеуметтік желілер сияқты жарнамаланады. Пайдаланушылардың орташа жасы 18-45 жас аралығында. Пайдаланушының осы әлеуметтік желіде өткізетін орташа уақыты күніне шамамен 40 минутты құрайды. Ер адамдар бейне мазмұнын әйелдерге көбірек пайдаланады.

Осындай әлеуметтік желінің қолданыс аясы турасындағы деректерде әлеуметтік желінің тұрақты пайдаланушыларының санының артқанын байқауға болады.

Интернет пен интернеттегі коммуникацияны зерттеу қазіргі уақытта кең ауқымды қарастырылып келеді, дегенмен әлеуметтік желідегі коммуникация ерекшеліктерін біртұтас көп өлшемді зерттеу әлі де маңызды болып отыр. Сонымен қатар әлеуметтік желілер қазір интернеттегі басқа коммуникация арасында жетекші орын алады. Осындай бағыттағы Е.Г. Алексеева «Влияние через социальные сети» (Алексеева, 2010), Е.И. Горошко «Интернет-коммуникация: настоящее и будущее» (Горошко, 2008), Е.И. Горошко «Современная Интернет-коммуникация: структура и основные параметры» (Горошко, 2012), Е. В. Двойнина «Речевая манипуляция в интернет-дискурсе» (Двойнина, 2010), Д.В. Иванов «Виртуализация общества» (Иванов, 2000), Н. В. Белов «Словарь молодёжного и интернет-сленга» (Белов, 2007) т.б. авторлардың зерттеу еңбектерін атауға болады. Мәселен, Е.Ю. Распопина өзінің зерттеу жұмысында интернет дискурстың қосымша аспектісін, тіл арқылы және ережеге сәйкес ұйымдастырылған пайдаланушы мен интернет кеңістігінің өзара әрекеттесуін атап көрсетеді. Ал жанрлық топтастыру: 1. ақпараттық (веб-сайт, интернет-құжат, іздеу жүйесі т.б.), 2. коммуникативтік (электронды хат, әлеуметтік желілер), 3. дамытушылық (онлайн ойындар, ойын әлемі), 4. сервистік (интернет магазин, төлемдер) деп жіктелген (Распопина, 2010).

Шетелдік зерттеулер арасында интернет байланысы мен әлеуметтік желілер қызметі туралы зерттеулер «Интернет-коммуникация және сапалы зерттеулер: интернеттегі зерттеу анықтамалығы» (Mann, Stewart, 2000), «Интернет байланысы және сапалы зерттеулер» (Mann C and Stewart, 2002), «Интернет-коммуникация саясаты» (Robert J. Klotz, 2004) тұжырымдары мен пайымдауларында көрініс тапқан.

Интернет, интернет тілі тұрғысынан пайымдағанда да өзекті мәселелердің қатарына енетін интернеттегі тіл мәдениеті болып отыр. Нақтырақ айтқанда, әлеуметтік желіде қолданылып жүрген бейвербалды құралдар интернет-мемдер турасында да бірқатар зерттеулер жазылып жүр (Курманбекова, Саркенова, Маликов, 2023), (Polishchuk O., Vitiuk I., Kovtun N., Fed V., 2020).

Ал интернетке тәуелділік туралы алғашқы зерттеулер АҚШ-та пайда болды. 1996 жылы психиатр Кимберли С. Янг «Интернет тәуелділігі: жаңа бұзылыстың пайда болуы» атты мақаласын жариялайды (Матусевич, 2016).

Осындай зерттеулер қатары бүгінге дейінгі зардап шеккен адамдардың санының артқанын атап көрсетіп келеді. Бүгінде адамдардың көпшілігі өз өмірлерін әлеуметтік желілерсіз елестете алмайтыны анық. Әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Әлеуметтік желілерде ішкі тәртіпке негізделген нормалар мен ережелер ескерілмей жататын тұстары жиі кездеседі, әрі оны бұзғандардың жауапкершілікке алынатынын кеш ескеретін тұстарымыз жиі байқалады.

Әлеуметтік желілердің негізгі аудиториясы – жастар. Алайда, бүгінде жастардан бөлек егде жастағы адамдардың да кем дегенде бір аккаунты бар. Желіні пайдаланушылар әртүрлі мақсаттарды көздейді, мәселен, қоршаған ортаға деген көзқарастарын, түрлі оқиғаларды, дәлелдемелерді, фотосуреттерді, аудио-бейне жазбаларды жариялап отырады. Сондықтан әлеуметтік желілер адамдар өміріне берік орныққан ХХІ ғасырдың бірегей құбылыс. Оны пайдаланушылардың орташа жасы 7-ден 65 жасқа дейінгілер деп көрсетіледі. Ал виртуалды қиял әлемінде өткізілген уақытты санау мүмкін емес. Әлеуметтік желі – әлеуметтік графиктер арқылы бейнеленген әлеуметтік қарым-қатынастарды құруға, көрсетуге және ұйымдастыруға арналған платформа. Онлайн қызмет немесе веб-сайт ретінде түсіндіріледі.

Осындай заманауи медиа мүмкіндіктердің пайдасы мен оны орынсыз пайдаланудың салдарынан «медиаға деген тәуелділіктің» орын алуының, одан арылу жолдарын табудың қоғам үшін алаңдаушылық тудырып отырғандығы белгілі.

Интернетке тәуелділік мәселесін зерттейтін психологтар таным үдерісімен, өзін сынап көрумен немесе шығармашылықпен әуестенетін жеке адамға тән қызығушылық, пайда көздейтін әуестенушілік, тым асқан ынталандыру сынды белгілерді анықтаған.

Тәуелділік – негізінде, өмірдің басқа салаларына қанағаттанбау тұжырымын қалыптастырады. Адамды қоғамдық өмірдегі шынайы коммуникациядан алыстатып, өмір шындығын ұмыттырады. Тәуелділік – қорқынышты нәрсе. Адам мұны істеудің қажеті жоқ екенін түсінеді, бірақ ол қайтадан оған барады. Тәуелділік – өмір мен өлімнің шегіне жетеді. Егер адам организмге қажет нәрсені немесе науқастың қиялын қабылдамаса, ол адамның психикалық немесе физикалық қажеттілік сезінетінін жоққа шығарудан гөрі, бұл адамның өлуіне жеңілрек болады. Тәуелділік – адамның қалыпты күйін-

де болмауы, адам организмінде эндорфин мен серотониннің қуат гормонын дамытуға көмектесетін белгілі бір зат, заттар, эмоциялар болмауы. Тәуелділік – адам бас тарта алмайтын қызметтің түріне тарту.

Сондай-ақ ғылымда «виртуалистика» деген терминнің пайда болғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Алайда тез арада физиктердің, инженерлердің, психологтардың, философтар мен мәдениеттанушылардың әртүрлі бағыттарындағы мамандардың қызығушылығын туғызып үлгерді. Виртуалдың нысандануы жолдарының бірі – бұл түсінікті «коммуникация» түсінігімен байланыстыруға әрекет жасау барысында ашылды.

Виртуал – жаңа байланыстардың тууын қамтамасыз ететін коммуникатор. Шынайылық – белсенді қатынастар әлемі, оқиғалар тізбегі деген анықтамалар орын алады. Осындай заманауи медиа бағыты ретінде танылатын желілік медианың артықшылықтары мен кемшіліктері турасында шетелдік және отандық зерттеулерде жиі айтылады. Сондай пікірлердің қатарынан

ғалым Н. Омашевтің желілік медиа артықшылықтары мен кемшіліктері турасында пайымдалуларында желілік медианың жылдам ақпарат тарату қызметі, ақпарат айналымы, ақпааттардың шынайылығы, ақпараттарды берудегі дерекке суреттерді, бейнекадрларды, дауысты қоса беру мүмкіндігінің болуы, яғни, кез келген көлемдігі құжаттарда дәлелдің болуы, интерактивтілік, оқырманымен тікелей байланысының болуы, аудиториясын зерттеп отырып, солардың сұраныстарына бейімдеп қайта құра алатындығы т.б. атап көрсетеді.

Ғалым сондай-ақ желілік басылымдардың кемшіліктері ретінде компьютер мен интернет қызметінің болу міндеттілігі, ақпаратты іріктеудегі, оған маңыз берудегі субъективтілік, деректер басқа да интерпретацияға ие болып кету мүмкіндігі, журналистика мен этикет нормаларының бәрінде дерлік сақтала бермейтіндігі, хакерлік, компьютерлік вирус тарату көзі ретінде теріс пайдаланып кету қаупінің болуы, авторлық құқықты, жеке адамдардың құпиясын сақтауда норма бұзылу қаупінің жоғарылығы т.б. турасында айтады (Қазақ журналистикасы, 2008:36). Осындай тұжырымдары көптеген арқылы әлеуметтік желінің қолданысының тиімділігі мен тиімсіз тұстарына бағам жасауға болады.

Медианың ықпал ету мүмкіндіктері күн өткен сайын артып отыр. Қазіргі әлем мемлекетте-

ріндегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыру және инновациялық технологиялар, әртүрлі бұқаралық коммуникация құралдарын пайдаланудың қолданысы жоғары деңгейде көрінеді. Әртүрлі кеңістіктер мен уақыттар арасында медиа құрайтын байланыстар, коммуникацияның байланысы медиакеңістікті құрайды.

Бүгінде ғаламдық медиа-кеңістік ғылыми зерттеулердің тақырыбына айнала бастады.

Медиа-кеңістік әртүрлі тәсілдермен өңделіп, түсіндірілетіндіктен, «бұқаралық коммуникация заңдылықтарын» (баспасөз, теледидар, радио, кино, бейне және т.б.) білім алушыға меңгертуге бағытталған медиабілім беру педагогикасының бір бағыты болып табылады. Медиа-кеңістікті түсінудің орталық мәтіндік көзқарас, құрылымдық көзқарас, аумақтық (нарықтық), технологиялық, экологиялық көзқарас деп жіктеп көрсетілген (Нұртазина, 2016: 88).

Бүгінгі дамудағы медиа білімнің негізгі бағыттары ретінде қазіргі ақпараттық жағдайда жаңа ұрпақты өмірге дайындау, әр түрлі ақпаратты қабылдауға, оны адамның түсіне білуі, зардабының жүйкеге әсерін түсіне білуі, техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілетін игеруге үйрету сияқты мәселелер жатады. (Бижан, 2013).

Қазіргі уақытта интернетті қолдану жағдайында киберлаңкестік мәселесі де ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Киберкеңістікте ақпарат ұрлауға, ақпарат ресурстарын заңсыз пайдалануға байланысты қылмыстық іс-әрекеттер де белең алуда. Көптеген елдерде киберкеңістіктегі мінез-құлық нормасы болып жалпыға бірдей қабылданған этика нормаларының бұзылуы киберқылмыстылыққа әкеліп соқтыруда. Бұл заңсыз әрекет компьютер желілерімен қатар келген құбылыс. Бұл тұста заң бұзушылық шаралары Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заң аясында да қарастырылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының (1999 жыл, 23 шілде №451) Заң мәтінінде 1-тараудың 1-бабында осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар қатарында (8-1) желілік басылым – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет ресурс деп көрсетілген.

Аталған Заңның Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік деген 7-тарауында: «2-2 Интернет ре-

сурстарды пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы), журналисі, оның ішінде жеке немесе заңды тұлғалар осы Заңның 14-бабының 3-4 тармағында көрсетілген ақпаратты, егер мұндай ақпаратты тарату ата-аналары және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасауда сот кінәлі деп таныған кәмлетке толмағандарды қоспағанда, құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен баланың және әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірген және және (немесе) айып тағылған кәмлетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, таратылатын хабарлар мен материалдарды жария етуге құқылы емес» – деп жазылған. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z99000045>).


Нәтижелер мен талқылау

Интернет желісін пайдалану мен оған тәуелділік бүгінде күрделі мәселе болып отыр. Интернеттің пайдасымен қатар зиянды тұстары турасында аз айтылып жүрген жоқ. Жүргізілген бірқатар зерттеулер коммуникацияның орындалуындағы әлеуметтік желілердің адамдардың жеке дамуын тежеуге ықпал ететінін, кей ретте толық деградацияға, қауіпке әкелетінін атайды. Көптеген белсенді пайдаланушылардың

компьютер мониторуның алдында көп уақыт өткізуіне байланысты жалпы денсаулықтарының нашарлауына айтарлықтай әсер ететіндігі де үнемі айтылып келеді.

Интернетке тәуелділік – бұл психикалық бұзылыс. Оның бірқатар тән белгілерінің ішінде өз мінез-құлқын басқара алмау жиі орын алып отыр. Сол себепті эйфория сезімі, достарына, отбасына, сүйікті хоббилеріне немқұрайлы қарау белең алуда. Мәселенің өзектілігіне байланысты, студенттердің интернетті пайдалану мен әлеуметтік желіге деген көзқарасын анықтау мақсатында Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің КЕАҚ, филология факультеті студенттерінен әлеуметтік сауалнама алынды. Онда студенттердің интернетті пайдалану ұзақтығы мен әлеуметтік желілерді пайдалану туралы пікірлері көрсетілді. Сауалнама жастар ортасында белгілі виртуалды тәуелділік мәселесінің негізгі себептері мен салдарын анықтау, салауатты өмір салтына қарама-қайшы келетін жайттарды көрсету мақсатында жүргізілген болатын.


Алынған зерттеу нәтижелер бойынша бүгінде студенттер арасында ең жиі қолданыстағы әлеуметтік желілер Tik -Tok, инстаграмм, өзге де желілер екендігі анықталды. Сонымен қатар студенттердің әлеуметтік желілерде қанша уақыт өткізетінін және респонденттердің пікірлерінде айтарлықтай айырмашылық бар-жоғын білу қажет болды. Алынған нәтижелер қорытындысы төмендегі сызбалармен берілді.



1-сурет – Күнделікті әлеуметтік желіні қаншалықты қолданасыз?

Ұсынылған 1-сұрақ бойынша жалпы сауалнамаға жауап берушілердің басым көпшілігі күнделікті интернет мүмкіндіктерін


пайдалануды дағдыға айналдырған іспетті. Нәтижесінде «үнемі» – 70%, «білмеймін»– 20 %, «қажет кезде ғана» – 10% құрады.



2-сурет – «Интернетке тәуелділік» дегенді қалай түсінесіз?

«Интернетке тәуелділік» дегенді қалай түсінесіз? сауалы бойынша «интернетсіз жүре алмау» – 60% , «қызығушылық, бос уақытын өткізу» – 30% «өзінің әлемін қалыптастыру» – 10% -ды құрады. Жауап-


тарды бағамдап көрсек, басым көпшілік «өздерінің интернетке тәуелді екендіктерін» мойындамайды. Бұл – тәуелділік емес, белгілі бір кезеңге қатысты қалыптасқан жағдай деп есептейді.



3-сурет – Интернет желісін үнемі пайдаланудың денсаулыққа зияны

Берілген 3-сауал жауаптарында да интернеттің зиянды тұстарының басым екендіктерін көрсетеді, шектеу жасайтындар қатары әлдеқайда аз көрінеді. «Иә, әрине

зияны бар, сол себептің өзіме шектеу жасаймын» – 80%, «өзіме ешқандай шектеу жасамаймын, зияны турасында ойламаймын» – 20% көрсетті.



4-сурет – Интернетке тәуелділіктен қалай арылу қажет деп ойлайсыз?

Бүгінгі студент-жастар көзқарастарында «Интернетке тәуелділіктен арылудың жолдары» ретінде ең алдымен «адам өзіне шектеу жасай білу» – 70 %, өмір сүру жағдайын басқа бағыттарға бұру– 20%, салауатты өмір салтын ұстану–10% құрады.

Әлеуметтік желілерді пайдалану мен оның салдары турасында көзқарастарын білу мақсатында алынған әлеуметтік сауалнама барысында жоғарыда көрсетіліп кеткен 4 сұрақ ұсынылды. Сауалнамаға қатысушылардың арасында қыздар жағы (20-қыз бала, 10-ұл бала) басымдылық танытты.

Осындай бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып қазіргі студенттер өміріндегі әлеуметтік желілердің рөлін зерттеудің қажеттілігі зор деп ойлаймыз.

Психологтар жағымсыз, қауіпті әлеуметтік желінің жапай таралуына ықпал ететін төмендегідей психологиялық факторларды тізбектеп береді:

- Өз арманыңызды шынайы сияқты виртуалды түрде көрсету мүмкіндігі. Яғни, ол виртуалды әлемде қол жеткізгеніндей, нақты өмірде өзі қол жеткізе алмаған, өзіне жазылмаған жетістіктерді көрсете алады. Мысалы, сыртқы келбетіне көңілі толмайтындар фотосуреттерін өз қалауынша сәндейді немесе басқа біреудің суретін салып, ұнаған көлігін меншігіндей етіп көрсетеді.

- Қалаған адамыңмен тез арада қарым-қатынасқа түсіп, қарым-қатынасты жылдам үзе алу,

- Шынайы өмірде айта алмайтын ойларыңды әлеуметтік желіде еркін жаза білу.

- Жаңалыққа құмарту. Миллиондардың арасында бар әлеуметтік желілердегі мыңдаған ақпарат оны қанағаттандыра алады.

- Қажетті сәтте сөйлесу; шынайы өмірде өз ойыңызбен бөлісу, ішіндегіні ашу әрқашан қолайлы бола бермейді. Қол бос емес, т.б.

Мұндай жағдаяттар, әлеуметтік желінің әсері үлкен дертке әкеліп соғып жатқаны туралы дабыл қағылуда. Осы тұста қоғам тарапынан да әртүрлі бағыттарды жұмыстар атқарылып, шаралар атқарылуда, жұмылдырылуда. Сондай шаралардың қатарында мемлекет тарапынан құрылған медиа ұйымдар мен медиа одақтарды атауға болады.

Қорытынды

Бүгінгі таңда интернет ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар байланыс үшін маңызды арна болып табылады. Өйткені, әлеуметтік желілер сияқты ресурс күн өткен сайын танымал болып келеді. Мұны әлеуметтік зерттеулердің деректері де растайды. Әлеуметтік желілердегі мақсатты аудиториямен дұрыс байланыс орнату үшін осы әлеуметтік желілердің ерекшеліктері мен қасиеттерін нақты түсіну қажет.

Күн сайын бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамдар әлеуметтік желілер арқылы байланысады. Мәселен, түрлі мақсаттағы кездесулер ұйымдастырады және ақпарат іздейді. Оның көлемі жыл сайын керемет жылдамдықпен өсіп

келеді. Олардың ішіндегі ең белсенді пайдаланушылар қатарында студент жастар да бар. Мәселен, кез-келген студент танымал желілердің бірінде тіркелген немесе бірнеше парақшаларды ашып қолданады.

Жалпы зерттеу нәтижелерін бағамдағанымызда, бүгінгі жастар әлеуметтік желілердің зиянды тұстарын біле тұра оны пайдалануға өздерін шектеу жасай алмайтындықтарын білдіріп, мұндай виртуалды байланысты бүгінгі қоғамның қажеттілігі деп түсінетіндіктерін, танитындықтарын атап көрсетті. Адамдар виртуалды тәуелділікке қалайша душар болады десек, қызығу, дағдалыну, әдетке айналдыру, еліктеу т.б.сынды психологиялық қасиеттері арқылы ықпалы зор болып отыр.

Интернетке тәуелділік виртуалды орта үшін нақты ортадан кетудің бір түрі ретінде қауіп төндіреді. Екіншіден, қоғамға, мемлекетке, өз денсаулығына жақын адамдарының денсаулығына қарсы бағытталған әрекеттерге сенімді немесе сенімсіз ақпараттарды орынсыз қолдану.

Сондықтан бүгінгі таңда «интернетке тәуелділік» немесе «интернет-аддикция» құбылысы жете зерттеліп жатыр. Себебі, адамдардың интернеттегі өмірге деген қызығушылығы артып отырғаны соншалықты, көп уақыттарын осыған арнап, іс жүзінде өздерінің «шынайы» өмірлерінен бас тартатыны байқалады. Зерттеушілер интернетке тәуелділердің басым көпшілігінің жеке адамның құпиялылығы сақталуы мүмкіндіктерінің арқасында қарым-қатынас орнату қызметтерін пайдаланатынын атап көрсетеді. Интернет шындықты шеттеудің қолайлы құралына айналып отыр. Оған

тәуелділердің екінші бір бөлігін желінің ақпараттық қызметтері қызықтырып, тартады. Бүгінгі уақытта салауатты өмір салтын ұстану, өлең-әңгіме жазу, табиғат аясында серуендеу, шығармашылықпен шұғылдану, сурет салу сынды істер арқылы тәуелділіктен шыға алады деген уәж келтіреді.

Демек бүгінде виртуалды әлемге тәуелділік, шектен тыс әуестенушілік қатаң қадағаланса, әсіресе, балалар мен жастарды зиянды әдеттерден қорғау үшін бос уақыттарын пайдалы жұмыстармен қамтамасыз ету шарт. Ол үшін әр жердің қажеттіліктерін қамтамасыз ететіндей жағдай жасалған орынды болады деп есептеуге болады. Әсіресе интернетке тәуелді болып қалған жасөспірімдерге шынайы өмір виртуалды өмірден әлдеқайда жақсы екенін көбірек насихаттау қажет сияқты. Ол үшін үш таған оқушы-ата-ана- мектеп тығыз байланыста болғанда ғана бұл құбылыстың қатары сирер еді. Бұл жерде психологтардың ролі мен қызметі айрықша. Сонымен бүгінгі қоғамымыздағы әлеуметтік желілердің пайдалы және зиянды тұстарымен қатар ақпарат тасымалы кезіндегі сурет, бейне, блоктар, чаттар т.б. арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен алу, өз профилін құру, кез келген қажетті ақпараттарды өз уақытында білу мен пайдалану сынды мол мүмкіндіктерін де назарда ұстаған артық болмас.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР 19680032 «Әлеуметтік желідегі лексиканың құрылымдық-семантикалық және лингвомәдени аспектілері» ғылыми жоба негізінде әзірленді.

Әдебиеттер

- Алексеева Е.Г. Влияние через социальные сети. – М.: Фонд «ФОКУС- МЕДИА», 2010. – С. 29.
- Бижан Ж. Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013. – 208 б.
- Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9900004>
- Белов. Н. В. Словарь молодёжного и интернет-сленга. – Минск: Харвест, 2007. – 256 с.
- Горошко Е. И. Интернет-коммуникация: настоящее и будущее // О некоторых чертах цивилизации будущего: научное издание по материалам Международного Форума к 90-летию со дня рождения академика РАН Н. Н. Моисеева / под ред. А. Т. Никитина и С. А. Степанова. – М.: Изд-во МНЭПУ, 2008.
- Горошко Е. И. Современная Интернет-коммуникация: структура и основные параметры // Интернет-коммуникация как новая речевая формация: коллективная монография / науч. ред. Т. Н. Колокольцева, О. В. Лутовинова. – М.: Флинта: Наука, 2012. – 328 с.
- Двойнина Е. В. Речевая манипуляция в интернет-дискурсе: Автореф. дис.... канд. филол. наук. – Саратов, 2010. – 22 с.
- Иванов Д. В. Виртуализация общества. – СПб.: Петербургское Востоковедение, 2000. – 96 с.
- Курманбекова З.Р., Саркенова Қ.Қ, Маликов Қ.Т. «Интернет-мем» және олардың түрлері // ЕНУ Хабаршысы: Филология сериясы, №1, 142. 2023. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-42-51>
- Қазақ журналистикасы.– Алматы: Таймас баспас үйі, 2008. – 352 б.

Распопина Е. Ю. Дифференциальные и жанровые особенности компьютерного Интернет-дискурса // Вестник Иркутского государственного лингвистического университета. – 2010. – № 4. – С. 125-132.

Robert J, Klotz Lanham. The Politics of Internet Communication. United States, 2003. – 304 p.

Chris Mann, Fiona Stewart. Internet communication and qualitative research: a handbook for researching online. SAGE Publications London' Thousand Oaks' New Delhi, 2000. – 127 p.

Матусевич А.А. Общение в социальных сетях: прагматический, коммуникативный, лингвостилистический аспекты характеристики: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Киров, 2016. – 160 с.

Malik M., Alkebaeva D., Ahkmetkaliyeva I. Pragmatic discourse of the comments on Facebook in the Kazakh language. Опцион, Ano 35, Regular ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9355. – 2019. – № 90-2. – P.369-384.

Маликқызы М. М. Әлеуметтік желілердегі сөйлеу қызметінің прагматикасы және функциясы / философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2023. – 169 б.

Нұржанова Ш.С., Мұқанова Г. Қ. Журналист, PR-маманы және бұқаралық ақпарат құралдары: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 70 б.

Нұртазина Р. Ә. Жаһандану жағдайындағы қазіргі бұқаралық коммуникациялар: оқу құралы.–Алматы: Бастау, 2016. –224 б.

Laitinen M., Fatemi M., Lundberg J. Size Matters Size Matters: Digital Social Networks and Language Change <https://doi.org/10.3389/frai.2020.00046>.

Limor Raviv, Antje Meyer, Shiri Lev-Ari. The Role of Social Network Structure in the Emergence of Linguistic Structure.-17 August 2020 // <https://doi.org/10.1111/cogs.12876>.

Lesley Milroy. Social Network Analysis and Language Change: Introduction. [https://doi.org/10.1076/1382-5577\(200012\)4:3;1-S;FT217](https://doi.org/10.1076/1382-5577(200012)4:3;1-S;FT217).

Polishchuk O., Vitiuk I., Kovtun N., Fed V. Memes as the phenomenon of modern digital culture. Wisdom. Vol. 2, Iss.15. – P. 45-55.

Shoibekova G., Yermekova T., Satbekova A, Odanova S., Malik M. Latin borrowing as a linguistics problem: approaches, reasons, typology. XLinguae, Volime 13 Issue2, April 2020, ISSN1337-8384, ISSN2453 -711X. – P. 149-156.

References

Alekseeva E.G. Vliyanie cherez social'nye seti [Influence through social media]. Fond «FOKUS- MEDIA», Mokva, 2010, P. 29.

Bizhan Zh. Zhurnalyst shygarmashylygyndagy zhana innovaciya lyq tekhnologiyalar. Oqu quraly [New innovative technologies in the work of a journalist. Training manual]. Foliat, Astana, 2013, 208 p.

Bykaralyk akparat kyraldary turaly Kazakstan Respublikasynyn Zany. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9900004>

Belov. N. V. Slovar' molodyozhnogo i internet-slenga [Dictionary of youth and Internet slang]. Minsk: Harvest, 2007. – 256 c.

Goroshko E. I. Internet-kommunikaciya: nastoyashchee i budushchee // O nekotoryh chertah civilizacii budushchego: nauchnoe izdanie po materialam Mezhdunarodnogo Foruma k 90-letiyu so dnya rozhdeniya akademika RAN N. N. Moiseeva / pod red. A. T. Nikitina i S. A. Stepanova [Internet communication: present and future // About some features of the civilization of the future: a scientific publication based on the materials of the International Forum on the 90th anniversary of the birth of Academician of the Russian Academy of Sciences N. N. Moiseev / edited by A. T. Nikitin and A. Stepanov]. Izd-vo MNEPU, Moskva, 2008.

Goroshko E. I. Sovremennaya Internet-kommunikaciya: struktura i osnovnye parametry // Internet-kommunikaciya kak novaya rechevaya formaciya: kollektivnaya monografiya / nauch. red. T. N.Kolokol'ceva, O. V. Lutovinova [Modern Internet communication: structure and main parameters // Internet communication as a new speech formation: a collective monograph / scientific ed. T. N.Kolokol'tseva, O. V. Lutovinova]. Nauka, Moskva, 2012, 328 p.

Dvojnina E. V. Rechevaya manipulyaciya v internet-diskurse: Avtoref. dis. ... kand. filol. Nauk [Speech manipulation in Internet discourse: Abstract. dis. ... candidate of Philology]. Saratov, 2010. – 22 p.

Ivanov D. V. Virtualizaciya obshchestva [Virtualization of society]. SPb, Moskva, (2000).

Kurmanbekova Z.R., Sarekenova Q.Q, Malikov Q.T. Internet-mem zhane olardyn turleri [Internet memes and their types] ENU Habarshysy: Filologiya seriyasy, 1, 142. (2023). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-42-51>

Qazaq zhurnalistikasy [Kazakh journalism]. Tajmas baspas uii, Almaty, 2008, 352 p.

Raspopina E. YU. Differencial'nye i zhanrovye osobennosti komp'yuternogo Internet-diskursa [Differential and genre features of computer Internet discourse] Vestnik Irkutskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta, 4, 125-132 (2010).

Robert J. Klotz The Politics of Internet Communication. United States 2003. – 127 p. [Electronic resource].

Chris Mann, Fiona Stewart. Internet communication and qualitative research: a handbook for researching online. SAGE Publications London' Thousand Oaks' New Delhi, 2000. – 127 p.

Matusevich A.A. Obshchenie v social'nyh setyah: pragmaticheskij, kommunikativnyj, lingvisticheskij aspekty harakteristiki: dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Communication in social networks: pragmatic, communicative, linguistic and stylistic aspects characteristics: dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences]. Kirov, 2016.160 p.

Malik M., Alkebaeva D., Ahkmetkaliyeva I. Pragmatic discourse of the comments on Facebook in the Kazakh language. Опцион, Ano 35, Regular ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9355. – 2019. – № 90-2. – P.369-384.

Malikkyzy M. M. Aleumettik zhelilerdegi soyleu kyzmetinin pragmatikasy zhane funkciyasy / filosofiya doktory darezhesin alu yshin dajyndalran dissertaciya. [Pragmatics and function of speech activity in social networks / Dissertation prepared for the degree of Doctor of Philosophy]. – Almaty, 2023. – 169 b.

Nurzhanova Sh.S., Muqanova G.Q. Zhurnalyst, PR-mamany zhane buqaralyq aqparat quraldary: oqu-adistemelik quraly [Journalist, PR specialist and mass media: educational and methodical manual]. Qazaq universiteti, Almaty, 2013, 70 p.

Nurtazina R. A. Zhahandanu zhagdaiyndagy qazirgi buqaralyq kommunikaciylar: oqu quraly [Modern mass communications in the context of globalization: a training manual]. Bastau, Almaty, 2016, 224 p.

Laitinen M., Fatemi M., Lundberg J. Size Matters Size Matters: Digital Social Networks and Language Change <https://doi.org/10.3389/frai.2020.00046>.

Limor Raviv, Antje Meyer, Shiri Lev-Ari. The Role of Social Network Structure in the Emergence of Linguistic Structure. -17 August 2020. <https://doi.org/10.1111/cogs.12876>.

Lesley Milroy. Social Network Analysis and Language Change: Introduction. [https://doi.org/10.1076/1382-5577\(200012\)4:3;1-S;FT217](https://doi.org/10.1076/1382-5577(200012)4:3;1-S;FT217).

Polishchuk O., Vitiuk I., Kovtun N., Fed V. Memes as the phenomenon of modern digital culture. *Wisdom* 2, 45-55, (2015).

Shoibekova G., Yermekova T., Satbekova A., Odanova S., Malik M. Latin borrowing as a linguistics problem: approaches, reasons, typology. *XLinguae*, Volume 13 Issue2, April 2020, ISSN1337-8384, ISSN2453 -711X. – P.149-156.

Авторлар туралы мәлімет:

Жумагулова Алия Матаевна – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы (Семей қ. Қазақстан, эл.почта: semey1978@mail.ru);

Каримова Бибигуль Жумашовна – PhD, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, журналистика және ақпарат білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері (Талдықорған қ. Қазақстан, эл.почта: sultan-3@mail.ru);

Касымова Асем Аленовна – PhD, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, «Абай және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері (Семей қ. Қазақстан, эл.почта: asemzn@mail.ru);

Тусупбекова Галия Аутовна – филология ғылымдарының кандидаты, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы (Семей қ. Қазақстан, эл.почта: autovna67@mail.ru).

Information about authors:

Zhumagulova Aliya Mataevna – candidate of philological sciences, senior teacher of the department of Kazakh philology and journalism of Shakarim University of Semey (Semey, Kazakhstan, e-mail: semey1978@mail.ru);

Karimova Bibigul Zhumashovna – PhD, Zhetisu University named after Iliyas Zhansugipov, teacher-lecturer of the journalism and information education program (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: sultan-3@mail.ru);

Kasymova Asem Alenovna – PhD, Shakarim University of Semey, senior researcher of the research center «Abai and national spirituality» (Semey, Kazakhstan, e-mail: asemzn@mail.ru);

Tusupbekova Galia Autovna – candidate of philological sciences, senior teacher of the department of Kazakh philology and journalism of Shakarim University of Semey (Semey, Kazakhstan, e-mail: autovna67@mail.ru).

Поступило 7 декабря 2023 г.

Принято 15 февраля 2024 г.